

Тексеріледі
Мамбеталина

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Құралай» балабақшасы

Топ: «Тұлпар» ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11 - 17.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Мамбеталина.А.К

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы қалпын тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау, тәрбиеші	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды,	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам

басқалар)	дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажітіне қарай оларды сабақтан кейін орындарына жинау.	түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету.	оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, жұмыс істеуді үйрету, тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтасын, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.	және мұқият орындау.
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын	"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойынның барысы:	"Қажетті киімді алыңыз". Дидактикалық тапсырма: балаларға қысқы, күзгі және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету.	"Зымыранды жинайық". Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты

	Заттармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Заттармен өз бетінше ойнауды, құрдастарын ойынға тартуды, әр баланың бастамасы мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу "Алманы тапқан қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ	ажыратып айтуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?» Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	балаларға қиылған әртүрлі көліктердің дайын суреттері беріледі. Педагог бір көліктің суретін көрсетеді, балалар қандай көлік екенін табады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша	Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал: бала саны бойынша қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің кескіндері. Қысқы және жазғы пейзаж суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы мезгілдердің суретін кезекпен	құрастыруды үйрету. Дизайн қабілеттерін дамыту. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: зымыран бөлшектерін дұрыс таңдаңдар, бүктеңдер. Ойын әрекеті: зымыранның жеке бөліктерінің қажетті орнын табу. Дизайнды тек сызба немесе үлгі бойынша орындау. Дидактикалық материал: үлгілер, зымыранның сызбалары. Әр балаға дизайнер. Ойын барысы. Балалар дизайнерден
--	---	---	--	---	---

	ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша алманы не сәбізді, басқа да жеуге жарамды қоректі салуды дағдыландыру.		маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.	көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кию керек. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	зымыранды үлгі бойынша жинайды. Педагог балаларға бұл үлгі, зымыранның сызбасы екенін айтады. - Біз сізбен бірге конструктор боламыз. Дизайнерлер сызбаларын қарап, содан кейін зымыран жасайды. (танымдық және шығармашылық, зияткерлік дағдылар) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аю бауырсақпен кездесті". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегілерден
--	---	--	--	---	--

			Барысы. Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан- жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар	қарапайым сюжетті бейнелеуге ынталандыру; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету. Дидактикалық ойын. "Ненің басы , ненің құйрығы?". Мақсат-міндеттері. Суреттен жабайы жануарларды тауып, атай білу іскерліктерін жетілдіру.
--	--	--	---	--

			бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін		
--	--	--	---	--	--

			жауапкершілікті сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында. 1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады. 3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында 1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу. 2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында. 1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату. 4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).				

	5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу. 1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу, 3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су". Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жабайы табиғат әлемімен таныстыру. Суретке қарап әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жабайы табиғат туралы пысықтау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым	Дене шынықтыру "Бір жанымен,	Қазақ тілі "Жабайы аңдар және	Дене шынықтыру "Аңдардың	Музыка "Аңдардан нені	Дене шынықтыру "Ойын жүргізуші".

кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	шапшаң қадаммен жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін шашырап жүру мен жүгіруді үйрету.	балалары. Жылдам-баяу". Мақсат-міндеттері. Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жабайы аңдардың балаларының атауларымен таныстыру; "жылдам - баяу" қимыл-әрекеті жайлы түсініктерін қалыптастыру; ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы білімдерін бекіту. Музыка "Кірпі". Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге	жүрістеріне еліктейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің нұсқаулары бойынша жүгіруге үйрету.	үйренеміз?" Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуді үйрету.	Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында оңға және солға бұрылып секіруді; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алуды (қатарынан 3–4 рет) үйрету.
---	--	---	--	--	--

		үйрету.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді,	Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Экологиялық міндет: өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт,	Бұлттарды бақылау. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрену. Экологиялық міндет: таза ауа барлық тіршілік иелерінің өмір сүруі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу кезінде дұрыс	Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді.

	Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту. "Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін	дамыту. Көркемсөз. М. Әлімбаев «Жаңбыр». Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл-жасылды Кемпірқосақ асылды. Құлпырғаны қызық-ақ Жеті түрлі бояумен. Бір кесегін үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем. Табиғат құбылыстарын болжау. Ыстық жел соқса, жаңбыр жауады. Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады. Тәжірибе: топырақ салынған бар-екі ыдыс дайындау,	қалқымалы және тағы басқа) Сұрақтар: - Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру. Балалардың айтқан сөздері және бейнелі сөздері үшін мақтау. Көркемсөз Ақсың, сұрсың қарасың,	тыныс алуын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейтінімізді айтыңыз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен,	Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. Экологиялық міндет: судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау. Көркемсөз Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп
--	--	---	---	---	--

бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсету, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту». Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін	сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Қорытынды: топырақты қопсыту керек. Экологиялық ойын. "Өсіру". Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу. "Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір-бірін итермей жүгіруге тәрбиелеу; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру. (дене шынықтыру) Еңбек: гүл	Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл-гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет. Жұмбақ Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт.) "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбер	ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады. Көркемсөз (сөйлеуді дамыту) Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды	егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында
---	--	--	--	--

	күтуге тәрбиелеу: қажетіне қарай суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту. Өз бетімен ойындар: шашақтармен ойын. Мақсат-міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру.	отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау). Мақсат-міндеттері. Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Басқа балалар	бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай	үлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы ақырын түртіп қалады. Педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ойыншы балалар жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған қу түлкі: "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап,	кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады: Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін,
--	---	---	--	---	--

		қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Балалар өз туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.	қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Еңбек: балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақтарын бұтақтарын жинау. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылуы керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Еңбек: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу. Қозғалыстарды дамыту жыттығулары: жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.	қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болуы керек, қолды біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру өте маңызды. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та,
--	--	--	--	---	--

		Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр". (танымдық дағдылар) Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, қимыл жылдамдығын, зейінін дамыту. Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуалайжы, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер,	Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. Еңбек: гүлзарларды суару. Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір
--	--	---	---

			орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, арқамен теріс қарап жүгіру және тағы басқа) Далаға шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.		бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) "Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу.				

	Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
Түскі ұйқы	«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (көркем әдебиет)	«Ерекше тауық» ертегісін тыңдайды. BilimKids платформасындағы ертегісін тыңдату. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ақырын сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтакқа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабанның алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын жақсы уқалайды, аяқтың бұлшықеттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркемсөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) Дастарқанның басында, Өзінді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жина күш.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар: Ертегіні оқу; үстел театры және тағы басқа. Мысалы: үстел театры «Үйшік» орыс халқының ертегісін сахналау. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын. "Аңшылар мен қояндар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоян болып секіріп, "аңшыдан" қорғана білуін үйрету.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Зообақ тұрғындары туралы жұмбақ жасыру жаттығулары". Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Түлкі деген қу болар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қағазды бұру арқылы конус жасап, оригами әдісі бойынша түлкінің басын құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы,	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Қояндар отбасы қысқа дайындалады". Мақсат-міндеттері. Балаларды заттардың саны кем болған топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты теңдікті орнату тәсіліне үйрету. Қоршаған ортамен танысу "Мыршай". Мақсат-міндеттері.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Батпан құйрық". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталауды үйрету. Дидактикалық ойын. "Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?" Мақсат-міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету.

	Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда екі аяқты қосып алдыға секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. (дене шынықтыру)	Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк". Мақсат-міндеттері. Балалардың циркте жұмыс жасайтын өнерпаздар (сайқымазақ, гимнасшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру; цирк әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс істейтін әртістерге	қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы	Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. "Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді, көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Сюжеттік-рөлді ойын. "Табиғи қорық". Мақсат-міндеттері.	(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Вариативті компонент. Құрастыру "Зәулім сарай". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруды үйрету; балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; викторина ойыны арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.
--	---	---	--	---	--

		қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер). Барысы. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс істейтін әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс істейтін әртістерге: сайқымазақтар,	қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. Барысы. Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог	Балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен	Дидактикалық ойын. «Берілген дыбысқа келетін сөзді ата». Шарты: ойынды педагог бастап, балаларға бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: шырша - алма - апорт - трактор - (сөйлеуді дамыту)
--	--	--	--	--	---

		гимнасшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға болып бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол	(қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.	бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастырады, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған	
--	--	---	--	--	--

		шапалақтап, мақтайтынын айтып қою қажет. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін қызметкерлердің қандай қызмет атқаратынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға	
--	--	--	---	---	--

				отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын. «Артығын тап». Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін атап,	«Суреттерді орналастыр». Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз	«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта». Мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу	«Жоғарыда, төменде». Мақсат-міндеттері. Жоғары – төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейінді, қиялды дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары. Бала қораптың ішінен бір	«Оң және сол». Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға

	артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық, қар қыста ғана болады. Аяламен қыс мезгілі туралы әңгімелесу.	салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанға, әр жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады.	арқылы заттың ұзын немесе қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.	суретті алып, атын атап, орнын анықтап, үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.	шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен	Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)	Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен	Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді

	Мақсат-міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру	танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Экологиялық міндет: өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту. Көркемсөз М. Әлімбаев «Жаңбыр». Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл-жасылды Кемпірқосақ асылды.	Мақсат-міндеттері. Балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.) Сұрақтар: - Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды	танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) "Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) Сұрақтар: - Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен	дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып
--	--	--	---	--	--

дағдыларын дамыту. "Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсету, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат	Құлпырғаны қызық-ақ Жеті түрлі бояумен. Бір кесегіні үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем. Табиғат құбылыстарын болжау. Ыстық жел соқса, аспаннан жаңбыр жауады. Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады. Тәжірибе: топырақ салынған бір-екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді. Қорытынды: топырақты қопсыту керек. Экологиялық ойын.	бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз. Көркем сөз Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет. Жұмбақ Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды.	аспаннан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру. Балалардың айтқан сөздері және бейнелі сөздері үшін мақтау. Көркем сөз (сөйлеуді дамыту) Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге,	үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. Экологиялық міндет: судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау. Көркемсөз Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді
--	---	---	---	---

	құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту». Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: қажетіне қарай суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс сүрту. Өз бетімен ойындар: шашақтармен ойын. Мақсат-міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға	"Өсіру". Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу. "Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірін итермей жүгіруді жетілдіру; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру. Еңбек: гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау). Мақсат-міндеттері. Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Достыққа,	(Бұлт) "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз.	Жаңбыр болып жауамын. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы ақырын түртіп	дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады: Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай.
--	--	---	---	---	--

	ынталандыру.	белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың	Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарту керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен	қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Еңбек: алаңды тазарту. Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін	Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болуы керек, қолды біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру өте маңызды.
--	--------------	---	---	---	---

		туына шабуыл жасалады. Балалар туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.	жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды. Еңбек: балалармен бірге гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Еркін ойын: "Күн мен жаңбыр". (танымдық дағдылар) Мақсат-міндеттер: балалардың шығармашылығын, кеңістіктегі бағдарын, жылдамдығын, зейінін дамыту. Ойын барысы. Балалар ашық алаңда	жеткізуге баулу. Қозғалыстарды дамыту жыттығулары: жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту. Далаға шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.	"Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,
--	--	--	--	--	---

		еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, тек		"Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. Еңбек: гүлзарларды суару. Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1)
--	--	---	--	---

			артпен жүгіру, т.б.) Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.		сызықтардан жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) "Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Театрды сахналау. «Ақымақ қасқыр» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Күйлерді тыңдату. (музыка) Өнер бұрышында жабайы аңдар түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Арт-терапия өткізу. (сурет салу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)				

басқалар)	Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік».	Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру.	"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу.	"Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны".